

25 қазан – Республика күні!

Айыртау аудандық газеті

Айыртау ТАҢЫ

№ 42 (1427)

БЕЙСЕНБІ, 23 қазан 2025 жыл

Эл. пошта: aiyrtau_tany@inbox.ru

Сайт: <http://az.ivist.kz>

Бағасы 100 теңге



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның қабылданғанына биыл 35 жыл толып отыр. Бұл – ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалып, халқымыздың рухы көтерілген, бірлігін бекемдеген және елімізді Тәуелсіздікке бастаған тарихи күн.

Еліміздегі түрлі стратегиялық жобаларды жүзеге асыру ісіне Солтүстік Қазақстан облысы да өз үлесін қосып келеді. Өңіріміз – ет, сүт, астық, ұн және майлы дақылдар өндіретін негізгі аймақтардың бірі. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні белсенді түрде енгізу арқылы агроөнеркәсіптік кешен бойынша жетекші орындамыз.

Өңірде ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларында 30-дан астам цифрлық жоба жүзеге асырылуда. Теріскейдегі алғашқы цифрлық сүт фермалары ел бойынша қанатқақты жобаға айналды.

Инфрақұрылым дамып келеді: инженерлік желілер, денсаулық сақтау және білім беру нысандары жаңғыртылуда. Спорт саласы да алға басуда. Жаңа спорт кешендері, бассейндер, хоккей корттары мен шағын футбол алаңдары ашылып, мұз сарайының құрылысы жүргізілуде.

Өңіріміздің басты байлығы – тұрғындары. Олар өз еңбегімен облыс экономикасын нығайтып, қоғамдық бастамаларды қолдап, туған жеріміздің абыройын асқақтатуда.

Осы шуақты мерекеде әрбір отбасына зор денсаулық, бақыт пен береке тілеймін! Табандылық пен еңбексүйгіштік, өзара құрмет пен туған жерге деген сүйіспеншілік биік мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Еліміз – Қазақстан Республикасына бейбітшілік, келісім, өркендеу және бақ-дәулет тілеймін!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының
әкімі.

Құрметті айыртаулықтар!

Сіздерді Қазақстан Республикасының күнімен құттықтаймын!

Осы мерекенің маңыздылығы әділеттілік пен әлеуметтік-саяси тұрақтылық қағидаттарына негізделген елдің тәуелсіз даму жолын таңдауды қамтиды. Тарихтың күрделі кезеңдерін бастан өткерген Қазақстан халқы бірліктің арқасында мемлекет тәуелсіздігінің мүдделері мен құндылықтарын қорғап, мемлекеттіліктің негіздерін нығайта алды.

Қазіргі Қазақстан – халықаралық қатынастарда елеулі табыстарға қол жеткізген заманауи, қарқынды дамып келе жатқан ел. Экономиканың барлық салаларындағы қол жеткізген жетістіктеріміз – халқымыздың қажырлы еңбегі мен бірлігінің нәтижесі.

Біздің әрқайсымыз үшін бейбітшілік, тұрақтылық және қоғамдағы келісім мызғымас болып қала бермек. Сүйікті Отанымыз – Қазақстан Республикасының жетістіктерін мақтан тұтамыз және бұл мерекені бірлесіп, патриотизм сезіммен атап өтеміз.

Сіздерге, қымбатты жерлестер, зор денсаулық, отбасылық амандық, барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін.

Мейрам МЕНДІБАЕВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Кәсіби мереке қарсаңында мерекелік құттықтаулар



16 қазан күні аудан әкімі Мейрам Жақсылықұлы Меңдібаев аудандық №7 өрт сөндіру бөлімшесіне арнайы барып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қазырылы еңбек етіп жүрген өрт сөндірушілерді кәсіби мерекелерімен құттықтады. Бұл шара батылдық пен адалдықты тудыратын, күн-түн демей, қауіпті жағдайларға қарсы күресіп жүрген өрт сөндірушілерге деген зор құрметтің белгісі.

Өрт сөндірушілердің қызметі қауіпті әрі жауапты екені белгілі. Мейрам Жақсылықұлы өз сөзінде осы мамандық иелерінің күнделікті еңбегінің маңыздылығын атап өтіп, өзінің шынайы ризашылығын білдірді.

Айыртау аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, подполковник Сейітжан Есмағзам Рамазанұлы бөлімшенің жұмысымен таныстырып, техникалық база, қызметкерлердің дайындығы мен кәсіби деңгейі туралы толық мәлімет берді. Бұл көрсеткіштер аудандық өрт сөндіру қызметінің тиімділігін арттырып, кез келген төтенше жағдайға жылдам әрі дұрыс әрекет етуге мүмкіндік береді.

Салтанатты шарада сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серікбай Шәріпұлы Тұралинов пен аудандық мәслихаттың төрайымы Гүлмира Армияқызы Әбілқайырова өрт сөндірушілердің еңбегін жоғары бағалап, олардың жанкешті еңбегі мен өз мамандығына деген адалдығына үлкен құрмет көрсетіп,

қоғамдағы рөлінің маңыздылығын алға тартты.

Күннің екінші жартысында аудан әкімі Мейрам Жақсылықұлы Орлиногор орман шаруашылығына барып, орман шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекелері — Орман шаруашылығы қызметкерлері күнімен құттықтады.

Орлиногор орман шаруашылығының жетекшісі Семенов Тимофей Петрович ұжыммен

мен экологиясының қорғаушылары. Сіздердің еңбектеріңіз тек ормандарды сақтау ғана емес, сонымен қатар еліміздің экологиялық тепе-теңдігін сақтау үшін маңызды. Әрбір орманды алқап, әрбір ағаш бұл ұрпақтан ұрпаққа қалатын байлық, — деді аудан әкімі.

Бұл шаралар өрт сөндірушілер мен орман шаруашылығы қызметкерлерінің үздіксіз еңбегін бағалаудың, олардың қоғамдағы мәртебесін арттырудың және олардың отансүйгіштік қызметтерін ұлықтаудың жарқын көрінісі. Үнсіз батырлардың табанды еңбегінің



қатар, өртке қарсы арнайы құрал-жабдықтар мен техникалар базасымен таныстырып өтті.

Мейрам Жақсылықұлы өз құттықтау сөзінде: «Орман шаруашылығы еліміздің табиғаты

арқасында қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігі сақталып отыр. Осындай ардақты мамандық иелеріне құрмет көрсету әрбір азаматтың парызы.

Құрметбек БЕЙСЕН.

Қысқы маусымға дайындық пен стандарттар

Тәртіп - құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін басты ұстанымдардың бірі болып табылады. Бұл қағидалар тек кәсіби қызметтің сапасын ғана емес, сондай-ақ полиция қызметкерлерінің адалдығын қамтамасыз етеді.

21 қазанда Айыртау аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Марат Нұрахметовтің жетекшілігімен аудандық полиция қызметкерлерінің қысқы маусымға толық дайындықтары

тексерілді. Әскери шолулар полиция бөлімдерінің қызметкерлерінің тәртіптілігін, кәсіби шеберлігін және дайындық деңгейін бағалаудың тиімді тәсілі.

Аталған шарада Марат Нұрахметов, оның бірінші орынбасары Талғат Кенжетәев және басшының орынбасары Жәнібек Байзақов шолу барысында қызметкерлердің киім үлгісі, жеке куәліктері, төсбелгілері және қызметтік көліктерін мұқият тексеріп, қызметкерлердің күнделікті міндеттерін адал орындауына айрықша назар аударды.

Полиция қызметкерлерінің кәсіби дайындығы мен қызметке деген жауапкершілігі қоғамдағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мен халықтың сенімін арттырудың негізі болып табылады. Қысқы маусымға дайындық шаралары полиция қызметкерлерінің жоғары деңгейде қызмет етуге және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге бағытталған. Бұл өз кезегінде қоғамның құқық қорғау органдарына деген сенімін нығайтуға септігін тигізеді.

Құрметбек БЕЙСЕН.